| | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ | Тр 017-11.05-2026<br>30.04.2026 ж. |
|---|---|---|
| | Талап<br>Нормативтік құжат түрі | Стр. 1-8 |

**«БЕКІТЕМІН»**
Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы
қабылдау комиссиясының төрағасының
у.м.а. Ш. Ергөбек____________
(2026 жылғы «30» «сәуір»
№10 Ғылыми кеңес хаттамасы)

# 6В02192 «АКТЕРЛІК ӨНЕР» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ТАЛАПКЕРЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

**Алматы, 2026 ж.**

**Құрастырушы:**

Кажнабиева Б.А. – «Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасының меңгерушісі
Карамолдаева Д.О. – «Музыкалық театр» кафедрасының меңгерушісі
Жұмаш А.Ы. - «Сахна тілі» кафедрасының меңгерушісі
Шанкибаева А.Б. - «Сахна пластикасы және дене тәрбиесі» кафедрасының меңгерушісі

«Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасының мәжілісінде қарастырылды
«_3_» сәуір 2026 жыл №_9_ хаттама
«Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасының
меңгерушісі ____________________ Кажнабиева Б.А.

«Музыкалық театр» кафедрасының мәжілісінде қарастырылды
«_3_» сәуір 2026 жыл №_9_ хаттама
«Музыкалық театр» кафедрасының
меңгерушісі ____________________ Карамолдаева Д.О.

«Сахна тілі» кафедрасының мәжілісінде қарастырылды
«_3_» сәуір 2026 жыл №_9_ хаттама
«Сахна тілі» кафедрасының
меңгерушісі ____________________ Жұмаш А.Ы.

«Сахна пластикасы және дене тәрбиесі» кафедрасының мәжілісінде қарастырылды
«_3_» сәуір 2026 жыл №_9_ хаттама
«Сахна пластикасы және дене тәрбиесі»
кафедрасының меңгерушісі ____________________ Шанкибаева А.Б.

«Театр өнері» факультетінің Академиялық сапа кеңесінде бекітілді
«_9_» сәуір 2026 жыл №_9_ хаттама
Факультеттің АСК төрайымы ____________________ Бельжанова К.А.

**КЕЛІСІЛДІ:**
«Театр өнері»
факультетінің деканы м.а. ____________________ Сарыбай М.Е.

**6B02192 – «АКТЕРЛІК ӨНЕР» білім беру бағдарламасы,**
**«ДРАМА ТЕАТРЫ ЖӘНЕ КИНО АРТИСІ» бейіні**
**(қазақ тобы)**

6B02192 – «Актерлік өнер» білім беру бағдарламасына ( «Драма театры және кино артисі» таңдау бейіні бойынша) түсуші талапкердің міндетті түрде жалпы орта немесе арнайы орта (колледж) білімі болуы тиіс. Талапкердің түр-келбеті тартымды, табиғи сахналық органикасы, сахналық тартымдылығы, әдемі дауыс тембрі, бейнелі ойлау қабілеті болуы, сөз сөйлеуде тіл кемшіліктері болмау керек. Сұхбат барысында талапкер шығармашылық әлеуеті мен шығармашылық интеллект деңгейін көрсетуі тиіс. Физиологиялық және шығармашылық қабілеттердің маңызы ерекше: пластикасы, музыкалық есту қабілеті, дамыған шығармашылық қиял, би билей және ән сала білу сондай-ақ би және вокалға бейімділік (дауыс диапазоны – кемінде бір октава).

**Жас шамасы:**
– қыз бала – 20 жасқа дейін;
– ұл бала – 23 жасқа дейін.

**Бойының биіктігі:**
– қыздар –165 см.-ден жоғары;
– ұлдар –175 см.-ден жоғары.

1. Этюд орындау (логикалық басталуы, дамуы және сахналық жағдайдың аяқталуы бар шағын сахналық оқиға негізінде, өмірлік құбылыстың сахналық көрінісін бейнелеу).
2. Прозалық шығармадан үзінді, өлең, мысал немесе сатиралық шығарманы жатқа орындау.
3. Ән орындау (қазақ халық әні, ретро-ән және т.б.) – талапкердің таңдауы бойынша.
4. Би орындау (классикалық, халықтық немесе заманауи) – талапкердің таңдауы бойынша.

Талапкерлердің профессор-оқытушылар құрамы өткізетін консультациядан өтуі міндетті.

**Шығармашылық емтихандар:**
1. Актер шеберлігі және сахна тілі.
2. Вокал және би.

**Талаптар:**

Талапкер өз ойы мен шығармашылық қиялына негізделген этюд орындауы тиіс. Сонымен қатар, ұсынылған шартты жағдайға сәйкес этюд құрастыруға дайын болуы қажет. Этюд көрсету барысында талапкердің импровизация жасау қабілеті, эмоциялық мәнерлілігі және сахналық табиғилығы бағаланады.

Талапкер әртүрлі әдеби жанрдағы шығармаларды жатқа оқуы тиіс: проза, өлең, мысал, сатиралық немесе юморлық шығарма. Талапкердің автор сөзін меңгеру қабілеті, мазмұндылығы, шынайылығы, мәнерлілігі және шығарманың стильдік сипатын түсіну деңгейі бағаланады.

Талапкер әртүрлі сипаттағы екі вокалдық шығарманы және биді орындауы тиіс. Музыкалық-ырғақтық және пластикалық қабілеттерін бағалау мақсатында талапкерге қимыл-қозғалыс координациясын, музыкалық ырғақты сезінуін, оқыс жағдайларға әрекет ету қабілетін (реакция), зейіні мен зердесін тексеруге арналған жаттығулар ұсынылады.

Талапкердің драма театры, әдебиет және өнер салалары бойынша базалық білімі болуы тиіс.

Шығармашылық емтиханға талапкер өзінің жетістіктерін көрсететін құжаттарды (портфолио) ұсынуы тиіс. Портфолио құрамына өнер саласындағы дипломдар, мақалалар, фотосуреттер, шешендік өнер бойынша жетістіктер, сондай-ақ өзіндік жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру тәжірибесін растайтын құжаттар енгізілуі мүмкін. Құжаттар жеке файлдар түрінде ұсынылады.

## 6В02192 «АКТЕРЛІК ӨНЕР» білім беру бағдарламасы, «МУЗЫКАЛЫҚ ТЕАТР АРТИСІ» бейіні (қазақ тобы)

6В02192 – «Актерлік өнер» білім беру бағдарламасына ( «Музыкалық театр артисі» таңдау бейіні бойынша) түсуші талапкердің міндетті түрде жалпы орта немесе арнайы орта (колледж) білімі болуы тиіс. Талапкердің түр-келбеті тартымды, табиғи сахналық органикасы, сахналық тартымдылығы, әдемі дауыс тембрі, бейнелі ойлау қабілеті болуы, сөз сөйлеуде тіл кемшіліктері болмау керек. Сұхбат барысында талапкер шығармашылық әлеуеті мен шығармашылық интеллект деңгейін көрсетуі тиіс. Физиологиялық және шығармашылық қабілеттердің маңызы ерекше: пластикасы, музыкалық есту қабілеті, дамыған шығармашылық қиял, би билей және ән сала білу сондай-ақ би және вокалға бейімділік (дауыс диапазоны – 1,5 октавадан кем болмауы тиіс).

**Жас шамасы:**
– қыз бала – 20 жасқа дейін;
– ұл бала – 23 жасқа дейін.

**Бойының биіктігі:**
– қыздар –165 см.-ден жоғары;
– ұлдар –175 см.-ден жоғары.

1. Этюд орындау (логикалық басталуы, дамуы және сахналық жағдайдың аяқталуы бар шағын сахналық оқиға негізінде, өмірлік құбылыстың сахналық көрінісін бейнелеу).

2. Прозалық шығармадан үзінді, өлең, мысал немесе сатиралық шығарманы жатқа орындау.
3. Вокалдық шығарма орындау (халық әні, ретро немесе классикалық ән) – талапкердің таңдауы бойынша.
4. Би орындау (классикалық, халықтық немесе заманауи) – талапкердің таңдауы бойынша.

Талапкерлердің профессор-оқытушылар құрамы өткізетін консультациядан өтуі міндетті.

**Шығармашылық емтихандар:**
1. Актер шеберлігі және сахна тілі.
2. Вокал және би.

**Талаптар:**

Талапкер өз ойы мен шығармашылық қиялына негізделген этюд орындауы тиіс. Сонымен қатар, ұсынылған шартты жағдайға сәйкес этюд құрастыруға дайын болуы қажет. Этюд көрсету барысында талапкердің импровизация жасау қабілеті, эмоциялық мәнерлілігі және сахналық табиғилығы бағаланады.

Талапкер әртүрлі әдеби жанрдағы шығармаларды жатқа оқуы тиіс: проза, өлең, мысал, сатиралық немесе юморлық шығарма. Талапкердің автор сөзін меңгеру қабілеті, мазмұндылығы, шынайылығы, мәнерлілігі және шығарманың стильдік сипатын түсіну деңгейі бағаланады.

Талапкер әртүрлі сипаттағы екі вокалдық шығарманы және биді орындауы тиіс. Музыкалық-ырғақтық және пластикалық қабілеттерін бағалау мақсатында талапкерге қимыл-қозғалыс координациясын, музыкалық ырғақты сезінуін, оқыс жағдайларға әрекет ету қабілетін (реакция), зейіні мен зердесін тексеруге арналған жаттығулар ұсынылады.

Талапкердің драма театры, әдебиет және өнер салалары бойынша базалық білімі болуы тиіс.

Шығармашылық емтиханға талапкер өзінің жетістіктерін көрсететін құжаттарды (портфолио) ұсынуы тиіс. Портфолио құрамына өнер саласындағы дипломдар, мақалалар, фотосуреттер, шешендік өнер бойынша жетістіктер, сондай-ақ өзіндік жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру тәжірибесін растайтын құжаттар енгізілуі мүмкін. Құжаттар жеке файлдар түрінде ұсынылады.